

"Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 13 Бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4059. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 Бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 31 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Бүйрығымен.

Нотариалдық іс-әрекеттерді жасау бойынша республика нотариустарының құқық қолдану практикасын жетілдіру мақсатында, **БҮЙЫРАМЫН**:

1. "Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 564 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 1998 жылғы 30 қарашада N 8 жарияланған, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 20 қарашада

N 527-к, 2002 жылғы 22 қарашадағы N 175, 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136, 2004 жылғы 7 шілдедегі N 206, 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325, 2005 жылғы 19 тамыздағы N 215 бүйрықтарымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген Бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы Нұсқаулықта:

барлық мәтін бойына "келісім-шарттары", "келісім-шарттың", "келісім-шарт", "келісім-шартында", "келісім-шарттарды", "келісім-шартта", "келісім-шарттар", "келісім-шартқа", "келісім-шартты" деген сөздер тиісінше "шарттары", "шарттың", "шарт", "шартында", "шарттарды", "шартта", "шарттар", "шартқа", "шартты" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Нотариаттық іс-әрекет жасау кейінге қалдырылған жағдайда нотариус

мұдделі адамға нотариаттық іс-әрекет жасауға жүгінген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, нотариаттық іс-әрекет жасауды кейінге қалдыруының дәлелді себебі көрсетілген қаулыны береді.";

14 - т а р м а қ т а :

"ішкі істер" деген сөздерден кейін "немесе әділет" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмағандардың жеке басын ата-анасының бірі (асырап алушысы) немесе қамқоршысы кәмелетке толмағандардың тууы туралы куәлігінің және ата-анасының бірінің (асырап алушысының), қамқоршысының жеке куәлігінің немесе паспортының негізінде анықтайды.";

22-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Ата-аналардың, қамқоршының (қорғаншының) жеке басы олардың паспортымен немесе жеке куәлігімен белгіленеді.";

24-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бұл норма қолдардың үлгілері мен мөр бедерлемесі бар банкке арналған құжаттарға қойылған қолдың дұрыстығын куәландыру кезінде қолданылмайды.";

30-тармақта "сондай-ақ" деген сөзден кейін "мөр бедерлемесі анық көрінбейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

35-тармақта "Мәмілелерді куәландырғанда," деген сөздерден кейін "нотариаттық куәландырылған құжаттардың дубликатын бергенде" деген сөздермен толықтырылсын;

38-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мұраны сенімгерлік басқаруышыны тағайындау кезінде нотариус тиісті қаулы шығарады.";

44-бап алыш тасталсын;

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Мәмілелердің мазмұны баяндалатын, нотариаттық тәртіпте куәландырылатын құжаттар данасының саны нотариаттық іс-әрекет жасауға етініш берген адамдардың санымен белгіленеді, бірақ екі данадан кем болмауы қажет. Құжаттардың бір данасы нотариустың ісінде қалады, екінші данасы тарапқа (тараптарға) беріледі.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Меншік иесінің ортақ бірлескен меншіктегі немесе үлескеге меншік құқығындағы мүліктің үлесін алуы барлық қатысуышылардың келісімімен жүргізіледі. Нотариаттық куәландыруды немесе мемлекеттік тіркеуді талап ететін мәмілелерді жасау кезінде нотариус мәмілелерді жасауға ортақ бірлескен меншіктің басқа қатысуышыларының келісімі туралы өтінішті талап етуге міндетті .";

92-тармақта "құжатта" деген сөз "жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамада" деген сөздермен ауыстырылсын;

131-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұндай жағдайларда нотариус жылжымайтын мүлікке құқық белгілеуші құжаттарды және жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы талап етуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 147-1-тармақпен толықтырылсын:

"147-1. Қызмет көрсетілетін нотариаттық округтен тыс тұрғылықты тұратын азаматтың атынан өсietті қуәландырған жағдайда, мұндай өсietті қуәландыруши нотариус азамат тұrғылықты тұратын орын бойынша орналасқан аумақтық нотариаттық палатаға өсietті оның көшірмесінің қосымшасынсыз қуәландыру туралы хабарлама жібереді, бұл туралы нотариус өсiet қалдыруышыға ескертуге және бұл туралы өсietте белгі жасауға міндетті.";

"Мәмілелерді қуәландыру" атты 3-тарау мынадай мазмұндағы "Кепілгерлік шарттарын қуәландыру" атты параграфпен толықтырылсын:

"Кепілгерлік шарттарын қуәландыру

154-1. Нотариус мәмілелерді қуәландыру үшін осы Нұсқаулықта белгіленген жалпы ережелер бойынша және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы нормаларына сәйкес кепілгерлік шарттарын қуәландырады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, кепілгерлік шарты нақты, яғни қолданыста бар талаптарды ғана қамтамасыз етеді.";

155-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"155. Нотариус шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттары: құрылтай шарты мен Жарғыны қуәландырады.

Құрылтай шартын қуәландыру кезінде нотариус осы Нұсқаулықта белгіленген мәмілелерді қуәландырудың жалпы ережелерін басшылыққа алады. Жарғыны қуәландыру кезінде нотариус құрылтайшылардың қолдарының дүрыстығын қуәландырады.";

мынадай мазмұндағы 156-1-тармақпен толықтырылсын:

"156-1. Шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарына оның құрылтайшысы (құрылтайшылары) немесе сенімхат негізінде қызмет ететін олардың өкілі (өкілдері) қол қояды. Мұндай жағдайда құрылтай шартының мәтінінде немесе Жарғыда қуәландырылатын жазбада сенімхаттың тіркелген күні, нөмірі және кім қуәландырғаны (бергені) көрсетіледі.

Егер құрылтайшылар кәмелеттік жасқа толмаған адамдар болса, онда құрылтай құжаттары осы Нұсқаулықтың 63-тармағын есепке ала отырып куәландырылады.";

262-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Қолдардың дұрыстығын куәландыру кезінде нотариус осы Нұсқаулықтың 16, 17-тармақтары бойынша азаматтардың әрекетке қабілеттілігін анықтайды";

276-тармақта "оның заңды өкілдерінің сөзімен" деген сөздер "осы Нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бүйрек алғаш ресми жарияланған сәттен бастап он құн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
міндеттін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК